

**Бағдарлама
«Кішкентай тігіншілер әлемі»**

2025-2026жыл

КЕЛІСІЛДІ:

Аудандық білім бөлімінің
басшысы: Е.Б.Бегалин



БЕКІТІЛДІ:

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы»
менгерушісі: А.К.Бисебаева



**«Балдырған»бөбекжай-бақшасының» 28.08.2025 жылғы
№1 педагогикалық кеңестегі №1 хаттамада қаралды.
«Кішкентай тігіншілер әлемі» бағдарламасы талқыланды.**

Бағдарламаны құрастырған: Мұқатаева Нұрбибі Оңғарқызы.

Түсінік хат

Халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға мирас болып келе жатқан асыл мұрасы – қолөнер, ұлттық киімдер, ою-өрнек, тігіншілік өнері. «Өнерлінің өрісі кең» демекші, әр балабақша жас ұрпаққа ұлттық қолөнерді таныстырып, оның қыр-сырын меңгерту арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін дамытып келеді.

Бабалардың ата кәсібін, өнерін,

Ұмытпасын өркендерім, өренім,

Жүрсін әр кез ел аузында мақтан боп,

«Шебер қолдар – ел көркі» деген сөздерім, – деп, мен осы бағдарлама арқылы балалардың ұсақ моторикасы дамып, қол икемділігі артып, эстетикалық талғамы қалыптасады, еңбекке баулынады деген тұжырым жасадым.

«Кішкентай тігіншілер әлемі» бағдарламасы 3-4 жасар балаларға, ортаңғы топтарға арналған. Жалпы сағат саны ортаңғы топта 36 сағаттан өткізілуге жоспарланған.

Тігіншілік – халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты өнердің бірі. Балалар қарапайым тігін элементтерімен, мата түрлерімен, түстер үйлесімділігімен танысады. Жұмыс барысында жапсыру, жамау, қарапайым тігіс түрлерін орындау арқылы балалардың қызығушылығы артады.

Қолөнер – балалар үшін тек жұмыс емес, ол – ойын, шығармашылық, әсемдік әлемі. Балалар түрлі маталармен жұмыс жасап, өз қолдарымен бұйымдар жасауды үйренеді. Бұл олардың қиялын дамытып қана қоймай, ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелейді.

Тігін жұмыстары – баланың ой-қиялын байытып, саусақ моторикасын дамытып, еңбекқорлыққа баулитын маңызды іс-әрекет. Ерте жастан еңбекке баулынған бала болашақта ұқыпты, жауапкершілігі жоғары тұлға болып қалыптасады.

Бағдарламаның өзектілігі:

Балаларды ұлттық қолөнермен таныстыру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, еңбекке деген сүйіспеншілігін арттыру. Қол еңбегі арқылы балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру және ұсақ моторикасын жетілдіру.

Бағдарламаның негізгі мақсаты:

Ұлттық қолөнерді балалардың жас ерекшелігіне сай меңгерту. Тігіншілік элементтерімен таныстыру, қарапайым бұйымдар жасау арқылы балалардың ойлау, қиялдау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балаларды ұқыптылыққа, төзімділікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

- балаларды мата түрлерімен, түстермен және тігін құралдарымен таныстыру;
- қарапайым тігін және жапсыру дағдыларын қалыптастыру;
- қолдың ұсақ моторикасын дамыту;
- еңбекке, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу;
- балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және эстетикалық талғамын қалыптастыру.

Бағдарламаның нәтижесінде:

Бала қарапайым тігін жұмыстарын орындай алады, матамен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады. Қол еңбегі арқылы оның ұқыптылығы, шыдамдылығы, шығармашылық қабілеті дамиды. Балалар өз бетінше шағын бұйымдар жасап, өз еңбегінің нәтижесіне қуана біледі.

Сонымен қатар, қолөнер арқылы баланың эстетикалық талғамы қалыптасып, ұлттық құндылықтарға деген құрметі артады. Болашақта еңбексүйгіш, ұқыпты, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу – бағдарламаның басты нәтижесі болып табылады.

Қосымша материалдар

1. Көрнекі құралдар:

- Әртүрлі мата түрлері (мақта, жүн, жібек, фетр);
- Тігін құралдары: ине (қауіпсіз), жіп, қайшы, түйме;
- Дайын бұйымдар үлгілері (жастықша, дорба, ойыншық);
- Ою-өрнек үлгілері мен сызбалар;
- Түстер кестесі (түстерді үйлестіру үшін).

2. Қауіпсіздік материалдары:

- Қайшымен дұрыс жұмыс істеу ережелері;
- Инемен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік;
- Жұмыс орнын таза және ұқыпты ұстау туралы ережелер;
- Арнайы нұсқаулық суреттер (қауіпсіздік бұрышы).

3. Көркем және танымдық материалдар:

- Қолөнер туралы қысқа әңгімелер;
- Еңбек туралы мақал-мәтелдер:
- «Еңбек түбі – береке»
- «Шебердің қолы ортақ»
- Жұмбақтар:

Өзі кішкентай,

Тесігі бар басында,

Жіпті ертіп жүреді. (Ине)

Екі құлағы бар,

Қиып-қиып алар.

(Қайшы)

Ұзын-ұзын жіп болды,

Киімге сән боп қонды.

(Жіп)

Тақпақтар

1. Инем менің сүйкімді,
Жіппен бірге үйлесімді.
Тігіп берем ойыншық,
Қуантады үй ішін.

2. Кішкентай тігіншімін,
Әдеміні тігемін.
Жіппен ойнап, инемен,
Өнерімді білемін.

3. Түйме тағып үйренем,
Жыртылғанды түзеймін.
Ұқыпты боп әрдайым,
Әдемілік сүйемін.

4. Қайшым менің өткір-ау,
Ұқыптылық керек-ау.
Абайласаң әрқашан,
Жұмысың да көркем-ау.

Жаңылтпаштар

1. Ине менен жіпті,
Жіппен ине тік тікті.

2. Шебер тігінші тікті,
Тез тікті де, нық тікті.

3. Түйме тіктім көп-көп,
Көп түймені тек-тек.

4. Қайшымен қиып-қырқып,
Қырқып-қиып, дұрыс шық.

5. Жіп жіңішке, жіп жуан,
Жуан жіпті жіппен буам.

4. Практикалық жұмыстар:

- Мата қиындысынан жапсыру;
- Түйме қадау (үлкен түймелермен);
- Қарапайым тігіс түрлерін үйрену (алға ине);
- Қағаздан немесе матадан шағын бұйым жасау;
- Ою-өрнек құрастыру.

5. Ойындар мен іс-әрекеттер:

- Рөлдік ойын: «Тігінші шеберханасы»;
- Дидактикалық ойындар:
- «Қай құрал қайда?»
- «Түстерді сәйкестендір»
- Қимылды ойындар: «Жіпті өткізу», «Түймені тап»;

6. Шығармашылық жұмыстар:

- Сурет салу: «Менің әдемі көйлегім»;
- Аппликация: мата қиындысынан сурет жасау;
- Мүсіндеу: тігін құралдарын бейнелеу;
- Қуыршаққа киім жасау.

7. Педагогикалық әдістер:

- Көрсету және түсіндіру әдісі;
- Қайталау және жаттығу;
- Жеке және топтық жұмыс;
- Қолдау және мадақтау әдістері.

8. Ата-анамен жұмыс:

- Кеңес беру: «Баланың қол моторикасын дамыту»;
- Үйде қарапайым тігін жұмыстарын бірге жасау;

- Ортақ көрме ұйымдастыру (ата-анамен бірге жасалған бұйымдар);
- «Шебер қолдар» байқауы.

9. Дамытушы жаттығулар:

- Саусақ жаттығулары (ұсақ моторикаға);
- «Жіпті өткіз» ойыны;
- «Түйме тағу» жаттығулары;
- Қол икемділігін арттыру тапсырмалары.

**«Кішкентай тігіншілер әлемі» вариативтік бағдарламаның
ұйымдастырған іс-әрекет жоспары**

№	Тақырыбы	Мақсаты:	Ұйымдастырған іс-әрекет түрі	Сағат саны	Мерзімі
1	Мен – тігінші боламын	Балаларды үйірме жұмысымен таныстыру, тігіншілікке қызығушылық ояту, қарапайым еңбек әрекеттері туралы түсінік беру.	Әңгімелесу, таныстыру, сұрақ-жауап.	1	02.09.2025
2	Тігінші еңбегі	Тігіншінің еңбегі туралы түсінік қалыптастыру, еңбек адамдарына құрмет сезімін тәрбиелеу.	Әңгіме, суретпен жұмыс.	1	09.09.2025
3	Маталар әлемі	Маталардың түрлерімен таныстыру, сипап сезу арқылы айырмашылықтарын ажыратуға үйрету.	Зерттеу, бақылау, ойын.	1	16.09.2025
	Қауіпсіздік ережелері	Тігін құралдарымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік ережелерін үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Түсіндіру, әңгімелеу.	1	23.09.2025

5	Тігін құралдары	Тігінге қажетті құралдармен (ине, жіп, қайшы) таныстыру, атауларын меңгерту.	Көрсету, түсіндіру.	1	30.09.2025
6	Жіпті сабақтау	Жіпті инеге сабақтауды үйрету, ұсақ моториканы дамыту.	Практикалық жұмыс.	1	07.10.2025
7	Қарапайым қол тігісі	Қарапайым қол тігістерін орындауға үйрету, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Практикалық жұмыс.	1	14.10.2025
8	Ұлттық бұйымдармен танысу	Қазақтың ұлттық колөнер бұйымдары туралы түсінік беру. Ұлттық мәдениетке құрмет сезімін қалыптастыру.	Әңгіме, суретпен жұмыс.	1	21.10.2025
9	Қазақтың ұлттық колөнері	Ұлттық колөнер туралы түсінік беру, ұлттық мәдениетке қызығушылық арттыру.	Әңгімелесу, көрсету.	1	28.10.2025
10	Ұлттық ою-өрнектер	Қазақ ою-өрнектерінің атауларымен таныстыру, ажырата білуге үйрету.	Шығармашылық жұмыс.	1	04.11.2025
11	Ою-өрнекті қиып дайындау	Ою-өрнек элементтерін қағаздан немесе матадан қиып дайындау.	Практикалық жұмыс.	1	11.11.2025
12	Қысқы бұйымдар	Қыс мезгіліне арналған бұйымдар туралы түсінік беру.	Әңгімелесу.	1	18.11.2025
13	Жұмсақ ойыншық элементтері	Жұмсақ ойыншыққа арналған бөлшектерді біріктіру.	Практикалық жұмыс.	1	25.11.2025
14	Жаңа жылдық әшекей	Жаңа жылдық безендіруге арналған бұйым жасау.	Шығармашылық жұмыс.	1	02.12.2025
15	Тігін машинасы	Машинаның қызметімен таныстыру	Көрсету, бөліктерін атау	1	09.12.2025
16	Қауіпсіздік ережесі	Қауіпсіз жұмыс істеуге үйрету	Нұсқау беру, ережені қайталау	1	23.12.2025
17	Түзу тігіс	Қарапайым тігісті орындау	Тігін машинасымен	1	30.12.2025

			тігу (тәрбиеші көмегімен)		
18	Шағын бұйым	Өздігінен әрекет ету	Тігін, бақылау	1	06.01.2026
19	Тігін – шығармашылық өнер	Тігін арқылы әсемдік жасауға болатынын түсіндіру. Қызығушылықты арттыру	Әңгіме, дайын бұйымдарды қарау	1	13.01.2026
20	Жіптер мен түймелер	Жіп түрлері мен түймелерді ажырату. Саусақ моторикасын дамыту	Түйме іріктеу, жіпті орау	1	20.01.2026
21	Қауіпсіз тігін	Тігін кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұқыптылыққа тәрбиелеу	Ережелерді қайталау, көрнекілікпен жұмыс	1	27.01.2026
22	Қарапайым тігіс	Қол тігісін орындау дағдысын қалыптастыру. Сабырлылыққа тәрбиелеу	Практикалық жұмыс (тәрбиеші көмегімен)	1	03.02.2026
23	Киім және ұлттық сән әлемі	Күнделікті және ұлттық киімдерді ажырату. Киімге ұқыпты қарауға тәрбиелеу	Суреттер қарау, әңгімелесу, ойын	1	10.02.2026
24	Ұлттық киімдермен танысу	Қазақтың ұлттық киімдері туралы түсінік беру Ұлттық құндылықтарды құрметтеуге баулу	Көрсету, әңгіме, бейнематериал	1	17.02.2026
25	Киімдегі ою-өрнек	Ою-өрнек түрлерін тану. Эстетикалық талғамды дамыту	Оюларды бояу, жапсыру	1	24.02.2026
26	Киімге күтім жасау	Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. Киімнің маңызын түсіндіру	Рөлдік ойын, әңгіме	1	03.03.2026
27	Тігін құралдарын қайталау	Білімді бекіту	Дидактикалық ойын	1	10.03.2026
28	Тігін машинасын қайталау	Дағдыны жетілдіру	Машинамен тігу	1	17.03.2026
29	Шығармашылық жұмыс	Шығармашылық қабілетті дамыту.	Еркін жұмыс	1	31.03.2026

30	Дайын бұйымдар	Нәтижені көру	Қорытындылау	1	07.04.2026
31	Әсемде	Түстерді үйлестіру	Практикалық жұмыс	1	14.04.2026
32	Мата және түс әлемі	Мата қиындысымен жапсыру жұмысы	Аппликация	1	21.04.2026
33	Шағын қолөнер бұйымы	Шығармашылық қабілетті дамыту.Өз еңбегіне қуану	Матадан қарапайым бұйым жасау (тәрбиеші көмегімен)	1	28.04.2026
34	Жұмысты аяқтау	Жауапкершілікке тәрбиелеу	Практикалық жұмыс	1	05.05.2026
35	Көрме дайындау	Өз жұмысын таныстыру	Көрме ұйымдастыру	1	12.05.2026
36	«Кішкентай тігіншілер» көрмесі	Балалардың жұмыстарын көрсету, өз еңбегін мақтан тұтуға үйрету, мадақтау.	Көрме, таныстыру.	1	19.05.2026

Пайдаланылған әдебиеттер

1. С. Ф. Еликова, О. И. Вязовая, Е. А. Москаленко – «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған шығармашылық дамыту бағдарламалары», «Келешек-2030» ЖШС, 2017 жыл.
2. А. Жұмаділова – «Балабақшадағы шығармашылық жұмыстар: тігіншілік, қолөнер», Алматы, 2019 жыл.
3. Қ. Баймұхамбетова – «Ұлттық қолөнер мен қол шеберлігін дамыту әдістемесі», Астана, 2020 жыл.
4. Ж. А. Ахметова – «Балалар шығармашылығы мен қол еңбегі», Шымкент, 2021 жыл.
5. 6. М. Тілегенова – «Тігіншілік және қолданбалы өнерді мектеп жасына дейінгі балаларға үйрету әдістемесі», Алматы, 2018 жыл.
6. 7. Халық ауыз әдебиеті және балаларға арналған тақпақтар, жұмбақтар жинақтары.

Пікір

«Кішкентай тігіншілер әлемі» бағдарламасы «Шығармашылық» саласына арналып жасалған. Бағдарлама балабақшадағы «Ортаңғы» топқа арналған және аптасына 1 сағаттан, жалпы 36 сағат көлемінде өткізілуге жоспарланған.

Бұл бағдарлама мектеп жасына дейінгі балаларды тігіншілік негіздерімен таныстыруға, мата түрлерін ажыратуға, қарапайым тігін әрекеттерін орындауға бағытталған. Балалар жапсыру, түйме қадау, қарапайым тігіс түрлерін үйрену арқылы қол моторикасын дамытып, еңбекке деген қызығушылықтарын арттырады. Сонымен қатар, әртүрлі материалдармен жұмыс жасау барысында балалардың қиялы, шығармашылық қабілеті және эстетикалық талғамы қалыптасады.


Бағдарлама балаларды ұқыптылыққа, төзімділікке, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге тәрбиелейді. Жұмыс барысында балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өзара көмектесуге, құралдарды дұрыс пайдалануға және қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыланады. Сонымен қатар, өз бетінше әрекет етуге, қарапайым жоспар құруға және өз еңбегінің нәтижесін бағалауға үйренеді.

Педагогикалық үдеріс барысында баланың жеке ерекшеліктері ескеріліп, оның өзіне деген сенімі артады. Балалар өз қолымен жасаған бұйымдарына қуанып, еңбектің қадірін түсіне бастайды. Бұл олардың жауапкершілігін арттырып, еңбекқорлыққа баулиды.

Бағдарламада ұлттық қолөнер элементтері де қамтылып, балалардың халықтық дәстүрлерге деген қызығушылығы оянады. Осы арқылы болашақ ұрпақты еңбекқор, ұқыпты, жан-жақты дамыған тұлға ретінде тәрбиелеуге мүмкіндік жасалады.

Бағдарлама негізінде ұйымдастырылған оқу қызметі тиімді және нәтижелі болады деп есептеймін.

Абдрахманова Г.Д.



Тексерілді: *А.А.А.*

Қыркүйек айы № I аптасы

Тақырыбы: “Мен – тігінші боламын”.

Білім беру саласы: Таным

Бөлімі: Қоршаған ортамен таныстыру

Мақсаты: Балаларды тігіншілік үйірмесімен таныстыру, тігінші мамандығына қызығушылық ояту, қарапайым еңбек әрекеттері туралы түсінік беру.

Міндеттері:

- Балалардың зейінін, ойлауын және тілдік қорын дамыту;
- Тігінші мамандығы және оның еңбегі туралы түсінік қалыптастыру;
- Тігін құралдарының атауларын үйрету;
- Сұраққа толық жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету;
- Ұқыптылыққа, еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері:

Әңгімелесу, түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.

Көрнекіліктер мен құралдар:

- Мата қиындылары
- Жіп
- Қауіпсіз ине (муляж)
- Түймелер
- Қуыршақ киімі
- Тігінші мамандығына арналған суреттер

Іс-әрекет барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

– Балалар, біз күнде қайда келеміз?

– Балабақшада немен айналысамыз?

(Балалардың жауаптары)

2. Негізгі бөлім (таныстыру, әңгімелесу)

Тәрбиеші:

– Балалар, мына киімдерді кім тігеді деп ойлайсыңдар?

– Тігінші деген кім?

– Тігінші қандай құралдарды қолданады?

Тәрбиеші құралдарды көрсетіп, атауларын айтқызады.

3. Сұрақ-жауап

Тәрбиеші:

– Бұл не? (жіп, ине, мата, түйме)

– Бұл заттар не үшін керек?

– Киімді таза, ұқыпты кию не үшін маңызды?

(Балалардың жауаптары)

4. Қимылды ойын (сергіту сәті)

«Тігінші не істейді?»

Балалар тәрбиешінің айтқан әрекеттерін қимылмен көрсетеді

(кесу, тігу, үтіктеу).

5. Қорытынды

Тәрбиеші:

– Балалар, тігінші – өте қажет мамандық.

– Үйірмеде біз киім тігуді үйренеміз.

Балаларды мадақтау

Тексерілді: 

Қыркүйек айы II- аптасы

Тақырыбы: Тігінші еңбегі

Мақсаты: Балаларға тігіншінің еңбегі туралы түсінік қалыптастыру, еңбек адамдарына құрмет сезімін тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Тігінші мамандығының атқаратын жұмысымен таныстыру;
- Тігіншінің еңбек қадамдарын түсіндіру;
- Сурет арқылы ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту;
- Сұраққа жауап беру, өз ойын еркін айтуға үйрету;
- Еңбекке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері:

Әңгіме, суретпен жұмыс, сұрақ-жауап.

Көрнекіліктер мен құралдар:

- Тігінші мамандығына арналған суреттер
- Киім үлгілері (көйлек, жейде т.б.)
- Мата қиындылары
- Жіп, түйме (муляж)

Іс-әрекет барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

– Балалар, сендер қандай киім киіп жүрсіңдер?

– Киім бізге не үшін керек?

(Балалардың жауаптары)

2. Негізгі бөлім (әңгіме, суретпен жұмыс)

Тәрбиеші тігіншінің суретін көрсетеді.

Тәрбиеші:

– Мына суретте кім бейнеленген?

– Тігінші не істеп жатыр?

– Ол қандай құралдарды пайдаланады?

Тігіншінің еңбек қадамдарын түсіндіру:

1. Матаны таңдайды
2. Өлшейді
3. Пішеді
4. Тігеді
5. Үтіктейді

3. Сұрақ-жауап

– Тігінші не үшін керек?

– Киімді ұқыпты кию керек пе? Неге?

– Тігінші еңбегін қалай құрметтейміз?

4. Қорытынды

Тәрбиеші:

– Тігіншінің еңбегі өте маңызды.

– Әр еңбек адамын құрметтеу керек.

Күтілетін нәтиже:

- Балалар тігінші мамандығы туралы түсінік алады;
- Тігіншінің атқаратын еңбегін және еңбек қадамдарын (өлшеу, пішу, тігу) атай алады;
- Сурет бойынша сұрақтарға жауап береді, өз ойын қысқа әрі түсінікті жеткізеді;
- Еңбек адамдарына құрметпен қарау дағдылары қалыптасады;
- Ұқыптылыққа, еңбекті бағалауға үйренеді.

Мақсаты: 

Қыркүйек айы III-аптасы

Тақырыбы: Маталар әлемі

Мақсаты: Балаларды маталардың түрлерімен таныстыру, сипап-сезу арқылы маталардың айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету.

Міндеттері:

- Әр түрлі маталар туралы алғашқы түсінік қалыптастыру;
- Сипап-сезу арқылы матаның жұмсақ, қатты, қалың, жұқа екенін анықтауға үйрету;
- Зерттеу, бақылау жасау дағдыларын дамыту;
- Сөздік қорын байыту (жұмсақ, қатты, қалың, жұқа);
- Ұқыптылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Зерттеу, бақылау, ойын, әңгімелесу.

Көрнекіліктер мен құралдар:

- Әр түрлі маталар (мақта, жүн, жібек, синтетика)
- Мата қиындылары
- Қуыршақ киімдері
- Қорапша немесе дорба (сипап тану ойынына)

Іс-әрекет барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

– Балалар, киімдер неден тігіледі?

– Матаны көріп, ұстап көрдіңдер ме?

(Балалардың жауаптары)

2. Негізгі бөлім (зерттеу, бақылау)

Тәрбиеші әр түрлі маталарды таратады.

Тәрбиеші:

– Матаны сипап көрейік.

– Ол қандай? (жұмсақ, қатты, қалың, жұқа)

– Қай мата жылы, қайсысы жеңіл?

Балалар бақылап, өз ойларын айтады.

3. Ойын

«Қай мата?»

Балалар көзін жұмып, дорбадағы матаны сипап, сипаттайды.

4. Қорытынды

Тәрбиеші:

– Маталар әр түрлі болады.

– Әр матаның өз ерекшелігі бар.

Балаларды мадақтау

Күтілетін нәтиже:

- Балалар маталардың әр түрлі болатынын біледі;
- Сипап-сезу арқылы маталардың айырмашылығын ажырата алады;
- «Жұмсақ, қатты, қалың, жұқа» сөздерін қолданады;
- Зерттеу мен бақылауға қызығушылығы артады;
- Ұқыпты болуға үйренеді.

Мақсаты: *Ақ*

Қыркүйек айы IV-аптасы

Тақырыбы: Қауіпсіздік ережелері

Мақсаты: Балаларды тігін құралдарымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Тігін құралдарының (ине, қайшы, жіп) атауларын бекіту;
- Қауіпсіздік ережелерін түсіндіру;
- Қауіпсіз және ұқыпты жұмыс жасауға үйрету;
- Тәртіп сақтауға, жауапкершілікке тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап.

Көрнекіліктер мен құралдар:

- Қауіпсіз ине (муляж)
- Қауіпсіз қайшы
- Жіп
- «Дұрыс – дұрыс емес» суреттері
- Тігін құралдарының суреттері

Іс-әрекет барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

– Балалар, біз үйірмеде қандай құралдармен жұмыс жасаймыз?

– Құралдармен жұмыс жасағанда не істеу керек?

(Балалардың жауаптары)

2. Негізгі бөлім (түсіндіру, әңгімелеу)

Тәрбиеші қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді:

- Ине мен қайшыны абайлап ұстау
- Құралды ауызға салмау
- Жүгіріп жүріп жұмыс жасамау
- Құралды бір-біріне сабымен ұсыну
- Жұмыстан кейін орнына қою

Суреттер арқылы дұрыс және дұрыс емес әрекеттерді көрсету.

3. Әңгімелеу

Тәрбиеші:

– Егер ережені сақтамасақ не болады?

– Қауіпсіздік ережесі не үшін керек?

4. Қорытынды

Тәрбиеші:

– Қауіпсіздік ережесін сақтау – өте маңызды.

– Ұқыпты бала – ақылды бала.

Балаларды мадақтау

Күтілетін нәтиже:

- Балалар тігін құралдарымен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік ережелерін біледі;
- Құралдарды дұрыс әрі ұқыпты қолдануға тырысады;
- Қауіпсіздікке жауапкершілікпен қарайды;
- Тәртіп сақтаудың маңызын түсінеді.

Мақсаты: 

Қыркүйек айы IV-аптасы

Тақырыбы: Тігін құралдары

Мақсаты: Балаларды тігінге қажетті құралдармен (ине, жіп, қайшы) таныстыру, олардың атауларын меңгерту.

Міндеттері:

- Тігін құралдарының атауларын дұрыс айтуға үйрету;
- Әр құралдың не үшін қажет екенін түсіндіру;
- Көріп, тыңдап қабылдау қабілеттерін дамыту;
- Ұқыптылыққа, қауіпсіздікке тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап.

Көрнекіліктер мен құралдар:

- Қауіпсіз ине (муляж)
- Жіп (түрлі түсті)
- Қауіпсіз қайшы
- Тігін құралдарының суреттері
- Қуыршақ немесе мата қиындылары

Іс-әрекет барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

– Балалар, біз қандай үйірмеге келдік?

– Тігінші немен жұмыс істейді?

(Балалардың жауаптары)

2. Негізгі бөлім (көрсету, түсіндіру)

Тәрбиеші құралдарды ретімен көрсетеді.

- Ине – тігу үшін керек
- Жіп – матаны біріктіреді
- Қайшы – матаны қияды

Құралдардың атауларын балаларға қайталатып айтқызу.

3. Сұрақ-жауап

– Бұл не?

– Ол не үшін керек?

– Қайшыны қалай ұстаймыз?

4. Қорытынды


Тәрбиеші:

– Тігін құралдары бізге киім тігуге көмектеседі.

– Құралдарды әрқашан ұқыпты қолдану керек.

Күтілетін нәтиже:

- Балалар ине, жіп, қайшыны таниды және атайды;
- Әр құралдың қызметін біледі;
- Қауіпсіз әрі ұқыпты жұмыс жасауға дағдыланады.



Қазан айы I- аптасы

Тақырыбы: Жіпті сабақтау

Мақсаты:

Балаларды жіпті инеге сабақтауға үйрету, ұсақ моториканы дамыту.

Міндеттері:

- Жіпті инеге дұрыс сабақтау жолын көрсету;
- Қол саусақтарының қимыл-қозғалысын дамыту;
- Нұсқауды тыңдап, ретімен орындауға үйрету;
- Ұқыптылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері:

Көрсету, түсіндіру, практикалық жұмыс.

Көрнекіліктер мен құралдар:

- Үлкен көзді қауіпсіз ине (пластик немесе муляж)
- Түрлі түсті жіптер
- Картон немесе мата (жаттығу үшін)
- Салфетка, қорапша

Іс-әрекет барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

– Балалар, біз қандай құралмен жұмыс жасаймыз?

– Жіп пен инені қалай ұстау керек?

(Балалардың жауаптары)

2. Негізгі бөлім (көрсету, практикалық жұмыс)

Тәрбиеші жіпті инеге сабақтауды баяу көрсетеді:

1. Инені дұрыс ұстау
2. Жіптің ұшын түзету
3. Жіпті иненің көзіне салу

Балалар тәрбиешінің көмегімен қайталайды.

3. Практикалық жұмыс

Балалар жеке-жеке жіпті инеге сабақтайды

(қажет жерде көмек көрсетіледі).

4. Қорытынды

Тәрбиеші:

- Балалар, сендер бүгін жақсы жұмыс жасадыңдар.
- Жіпті инеге сабақтау – ұқыптылықты қажет етеді.

Балаларды мадақтау

Күтілетін нәтиже:

- Балалар жіпті инеге сабақтауға тырысады;
- Қолдың ұсақ моторикасы дамиды;
- Нұсқауды тыңдап орындау дағдысы қалыптасады;
- Ұқыпты жұмыс жасауға үйренеді.

Мақсаты: 

Қазан айы II-аптасы

Тақырыбы: Қарапайым қолтігісі

Мақсаты: Балаларды қарапайым қол тігістерін орындауға үйрету, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Қарапайым қол тігісінің орындалу жолын көрсету;
- Қол саусақтарының икемділігін, ұсақ моториканы дамыту;
- Нұсқауды сақтап, жұмысты соңына дейін орындауға үйрету;
- Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Көрсету, түсіндіру, практикалық жұмыс.

Көрнекіліктер мен құралдар:

- Үлкен көзді қауіпсіз ине
- Жіп
- Алдын ала тесілген картон немесе мата
- Қуыршаққа арналған мата бөлшектері

Іс-әрекет барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

– Балалар, біз өткен сабақта нені үйрендік?

– Жіп пен инені қалай ұстаймыз?

(Балалардың жауаптары)

2. Негізгі бөлім (көрсету)

Тәрбиеші қарапайым қол тігісін баяу көрсетеді

(алға–артқа тігіс).

Тігіс қадамдары:

1. Инені тесіктен өткізу
2. Алға қарай тігу

3. Жіпті тартып бекіту

3. Практикалық жұмыс

Балалар тәрбиешінің көмегімен қарапайым тігісті орындайды.

4. Қорытынды

Тәрбиеші:

- Қарапайым қол тігісі шыдамдылықты талап етеді.
- Сендер өте мұқият жұмыс жасадыңдар.

Балаларды мадақтау

Күтілетін нәтиже:

- Балалар қарапайым қол тігісін орындауға тырысады;
- Ұсақ моторикасы дамиды;
- Шыдамдылық пен ұқыптылық дағдылары қалыптасады;
- Жұмысты соңына дейін аяқтауға үйренеді

Мақсаты: 

Қазан айы ІІІ- аптасы

Тақырыбы: Ұлттық бұйымдармен танысу

Мақсаты: Балаларға қазақтың ұлттық қолөнер бұйымдары туралы түсінік беру, ұлттық мәдениетке құрмет сезімін қалыптастыру.

Міндеттері:

- Қазақтың ұлттық қолөнер бұйымдарымен таныстыру;
- Ұлттық бұйымдардың атауларын меңгерту;
- Сурет арқылы ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту;
- Ұлттық мәдениетке қызығушылық пен құрмет сезімін тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Әңгіме, суретпен жұмыс, сұрақ-жауап.

Көрнекіліктер мен құралдар:

- Қазақтың ұлттық қолөнер бұйымдарының суреттері
(текемет, сырмақ, алаша, кестелі орамал, сандық)
- Ұлттық ою-өрнек үлгілері
- Қуыршаққа арналған ұлттық киім

Іс-әрекет барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

– Балалар, сендер қазақ халқы туралы не білесіңдер?

– Қазақтың қандай ұлттық заттарын көрдіңдер?

(Балалардың жауаптары)

2. Негізгі бөлім (әңгіме, суретпен жұмыс)

Тәрбиеші ұлттық бұйымдардың суреттерін көрсетеді.

Тәрбиеші:

– Бұл қандай бұйым?

- Ол неден жасалған?
- Оны не үшін қолданған?

Ұлттық бұйымдардың әсемдігі мен маңызын қысқаша түсіндіру.

3. Сұрақ-жауап

- Ұлттық бұйымдар не үшін керек?
- Оларды қалай сақтау керек?
- Ұлттық бұйымдарды неге құрметтеуіміз керек?

4. Қорытынды

Тәрбиеші:

- Қазақтың ұлттық бұйымдары – халқымыздың байлығы.
- Ұлттық мұраны құрметтеу – біздің міндетіміз.

Балаларды мадақтау

Күтілетін нәтиже:

- Балалар қазақтың ұлттық қолөнер бұйымдарын таниды;
- Кейбір ұлттық бұйымдардың атауларын атайды;
- Ұлттық мәдениетке қызығушылық пен құрмет сезімі қалыптасады;
- Сурет бойынша әңгімелей алады.

Мақсаты: 

Қараша айы II- аптасы

Тақырыбы: Ою-өрнекті қиып дайындау

Мақсаты: Балаларды ою-өрнек элементтерін қағаздан немесе матадан қиып дайындауға үйрету.

Міндеттері:

- Қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен таныстыру;
- Қайшымен дұрыс әрі қауіпсіз жұмыс жасауға үйрету;
- Қол саусақтарының қимыл-қозғалысын, ұсақ моториканы дамыту;
- Ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Көрсету, түсіндіру, практикалық жұмыс.

Көрнекіліктер мен құралдар:

- Дайын ою-өрнек үлгілері
- Түрлі түсті қағаз немесе мата
- Қауіпсіз қайшы
- Қарындаш
- Желім

Іс-әрекет барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

– Балалар, біз өткен сабақта немен таныстық?

– Ою-өрнек деген не?

(Балалардың жауаптары)

2. Негізгі бөлім (көрсету)

Тәрбиеші ою-өрнекті қиып дайындаудың жолын көрсетеді:

1. Ою үлгісін қағазға салу
2. Қайшымен сызық бойымен қию
3. Дайын оюды тегістеу

3. Практикалық жұмыс

Балалар дайын үлгі бойынша ою-өрнекті қиып дайындайды
(қажет жерде көмек көрсетіледі).

4. Қорытынды

Тәрбиеші:

- Қазақтың ою-өрнектері өте әдемі.
- Сендер бүгін ұқыпты жұмыс жасадыңдар.

Балаларды мадақтау

Күтілетін нәтиже:

- Балалар ою-өрнек элементтерін қиып дайындай алады;
- Қайшымен қауіпсіз жұмыс жасау дағдысы қалыптасады;
- Ұсақ моторикасы дамиды;
- Ұлттық өнерге қызығушылығы артады.

Мақсаты: 

Қараша айы ІІІ- аптасы

Тақырыбы: Қысқы бұйымдар

Мақсаты: Балаларға қыс мезгіліне арналған бұйымдар туралы түсінік беру.

Міндеттері:

- Қысқы бұйымдардың атауларымен таныстыру (тон, күрте, бас киім, қолғап, етік);
- Қысқы киімдердің не үшін қажет екенін түсіндіру;
- Әңгімелесу арқылы сөздік қорын дамыту;
- Ұқыптылыққа, өз денсаулығын қорғауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Әңгімелесу, түсіндіру, сұрақ-жауап.

Көрнекіліктер мен құралдар:

- Қысқы киімдер мен бұйымдардың суреттері
- Қуыршақ және оның қысқы киімдері
- Қыс мезгілі бейнеленген суреттер

Іс-әрекет барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

– Балалар, қазір қай мезгіл?

– Қыста ауа райы қандай болады?

(Балалардың жауаптары)

2. Негізгі бөлім (әңгімелесу)

Тәрбиеші қысқы бұйымдардың суреттерін көрсетеді.

Тәрбиеші:

– Бұл қандай киім?

– Оны қай кезде киеміз?

– Қысқы киім бізді неден қорғайды?

Балалармен бірге қысқы бұйымдардың маңызын талқылау.

3. Сұрақ-жауап

– Қыста неге жылы киіну керек?

– Қандай қысқы киімді білесіңдер?

– Қысқы киімді қалай күтеміз?

4. Қорытынды

Тәрбиеші:

– Қысқы бұйымдар бізді суықтан қорғайды.

– Әр киімді таза, ұқыпты сақтау керек.

Балаларды мадақтау

Күтілетін нәтиже:

- Балалар қысқы бұйымдардың атауларын біледі;
- Қысқы киімнің маңызын түсінеді;
- Сурет бойынша әңгімелей алады;
- Ұқыпты болуға үйренеді.

Мақсаты: *А.А.*

Қараша айы IV-аптасы

Тақырыбы: Жұмсақ ойыншық элементтері

Мақсаты: Балаларды жұмсақ ойыншыққа арналған бөлшектерді біріктіруге үйрету.

Міндеттері:

- Жұмсақ ойыншық бөлшектерімен таныстыру;
- Бөлшектерді ретімен біріктіруді көрсету;
- Қол саусақтарының икемділігін, ұсақ моториканы дамыту;
- Ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Көрсету, түсіндіру, практикалық жұмыс.

Көрнекіліктер мен құралдар:

- Алдын ала дайындалған жұмсақ ойыншық бөлшектері
(бас, дене, қол, аяқ)
- Мата немесе киіз
- Желім немесе жіп (қауіпсіз)
- Үлгі ойыншық

Іс-әрекет барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

– Балалар, сендер қандай ойыншықтарды жақсы көресіңдер?

– Жұмсақ ойыншық неден жасалады?

(Балалардың жауаптары)

2. Негізгі бөлім (көрсету)

Тәрбиеші жұмсақ ойыншықтың дайын үлгісін көрсетеді.

Тәрбиеші:

– Бұл ойыншық қандай бөліктерден тұрады?

– Алдымен қай бөлікті біріктіреміз?

Бөлшектерді біріктіру ретін көрсету.

3. Практикалық жұмыс

Балалар бөлшектерді тәрбиешінің көмегімен біріктіреді
(жапсыру немесе жіппен қосу).

4. Қорытынды

Тәрбиеші:

– Жұмсақ ойыншық жасау – өте қызықты жұмыс.

– Сендер өте мұқият еңбек еттіңдер.

Балаларды мадақтау

Күтілетін нәтиже:

- Балалар жұмсақ ойыншықтың негізгі бөлшектерін таниды;
- Бөлшектерді біріктіруге тырысады;
- Ұсақ моторикасы дамиды;
- Жұмысты соңына дейін орындауға үйренеді.

Тексерілді: 

Желтоқсан айы І- аптасы

Тақырыбы: Жаңа жылдық әшекей

Мақсаты: Балаларды жаңа жылдық безендіруге арналған бұйым жасауға үйрету.

Міндеттері:

- Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру;
- Қарапайым әшекей жасау жолдарын көрсету;
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Ұқыптылыққа, әсемдікке тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, көрсету, шығармашылық жұмыс.

Көрнекіліктер мен құралдар:

- Түрлі түсті қағаз, картон
- Мақта, жылтыр қағаз
- Желім
- Қауіпсіз қайшы
- Дайын жаңа жылдық әшекей үлгілері

Іс-әрекет барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

– Балалар, қай мерекені асыға күтеміз?

– Жаңа жылда бөлмені қалай безендіреміз?

(Балалардың жауаптары)

2. Негізгі бөлім (түсіндіру, көрсету)

Тәрбиеші дайын әшекейді көрсетеді.

Тәрбиеші:

– Бұл қандай әшекей?

– Оны неден жасауға болады?

Әшекей жасаудың жолын кезең-кезеңімен көрсету.

3. Шығармашылық жұмыс

Балалар өз қиялымен жаңа жылдық әшекей жасайды
(шырша, қар бұршігі, жұлдызша т.б.).

4. Қорытынды

Тәрбиеші:

- Бүгін біз әдемі жаңа жылдық әшекей жасадық.
- Жаңа жыл мерекесі – қуаныш мерекесі.

Балаларды мадақтау

Күтілетін нәтиже:

- Балалар жаңа жылдық әшекей жасауды біледі;
- Шығармашылық қабілеттері дамиды;
- Ұқыпты жұмыс жасауға үйренеді;
- Мерекелік көңіл күй қалыптасады.



Желтоқсан айы II- аптасы

Тақырыбы: Тігін машинасы

Мақсаты: Балаларды тігін машинасының қызметімен таныстыру, негізгі бөліктерін атауға үйрету.

Міндеттері:

- Тігін машинасының не үшін қажет екенін түсіндіру;
- Машинаның негізгі бөліктерінің атауларын меңгерту;
- Көрсету арқылы зейінін, есте сақтауын дамыту;
- Қауіпсіздік ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Іс-әрекет барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

- Балалар, тігінші киімді қалай тігеді?
- Қолмен тігуден басқа тағы қандай құрал бар?

(Балалардың жауаптары)

2. Негізгі бөлім (көрсету, таныстыру)

Тәрбиеші тігін машинасын көрсетіп, қызметін түсіндіреді.

Тәрбиеші:

- Бұл – тігін машинасы.
- Ол киімді тез, ұқыпты етіп тігуге көмектеседі.

Негізгі бөліктері:

- Ине
- Жіп
- Табанша
- Дөңгелек тетік
- Тігіс жолы

Балалар бөліктердің атауларын қайталап айтады.

3. Сұрақ-жауап

- Тігін машинасы не үшін керек?
- Қай бөлігін есте сақтадың?
- Машинамен кім жұмыс істейді?

4. Қорытынды

Тәрбиеші:

- Тігін машинасы – тігіншінің көмекшісі.
- Онымен тек үлкендер, қауіпсіздік сақтап жұмыс істейді.

Балаларды мадақтау

Күтілетін нәтиже:

- Балалар тігін машинасының қызметін біледі;
- Негізгі бөліктерін атайды;
- Құралға қызығушылық танытады;
- Қауіпсіздік ережелерінің маңызын түсінеді.



Желтоқсан айы ІІІ-аптасы

Тақырыбы: Қауіпсіздік ережелері

Мақсаты: Балаларды тігін құралдарымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Тігін құралдарының (ине, қайшы, жіп) атауларын бекіту;
- Қауіпсіздік ережелерін түсіндіру;
- Қауіпсіз және ұқыпты жұмыс жасауға үйрету;
- Тәртіп сақтауға, жауапкершілікке тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері:

Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап.

Көрнекіліктер мен құралдар:

- Қауіпсіз ине (муляж)
- Қауіпсіз қайшы
- Жіп
- «Дұрыс – дұрыс емес» суреттері
- Тігін құралдарының суреттері

Іс-әрекет барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

– Балалар, біз үйірмеде қандай құралдармен жұмыс жасаймыз?

– Құралдармен жұмыс жасағанда не істеу керек?

(Балалардың жауаптары)

2. Негізгі бөлім (түсіндіру, әңгімелеу)

Тәрбиеші қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді:

- Ине мен қайшыны абайлап ұстау

- Құралды ауызға салмау
- Жүгіріп жүріп жұмыс жасамау
- Құралды бір-біріне сабымен ұсыну
- Жұмыстан кейін орнына қою

Суреттер арқылы дұрыс және дұрыс емес әрекеттерді көрсету.

3. Әңгімелеу

Тәрбиеші:

- Егер ережені сақтамасақ не болады?
- Қауіпсіздік ережесі не үшін керек?

4. Қорытынды

Тәрбиеші:

- Қауіпсіздік ережесін сақтау – өте маңызды.
- Ұқыпты бала – ақылды бала.

Күтілетін нәтиже:

